**Кәсіптік практиканы өткізуге арналған шарт № 15**

Алматы қ. «16» 01 2026жыл

ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ-сі Жарғы негізінде әрекет ететін ректор А. Жудебаев, бұдан әрі **«Академия»** деп аталатын бір тараптан бір жағынан, және "Республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, жарғы негізінде әрекет ететін директор Н.Г. Ли, бұдан әрі **«Кәсіпорын»** деп аталатын екінші тараптан, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес төмендегілер туралы осы шартты жасады:

**1. Шарттың мәні**

1.Академия жібереді, ал Кәсіпорын білім алушыны қабылдайды және білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес кәсіптік практика базасымен қамтамасыз етеді.

**2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

**2. Академия құқылы:**

1) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте білім алушының оқуын өз бетімен тоқтатқан, оқудан шығарған кезде Шартты біржақты тәртіпте бұзуға;

**3. Академия міндеттенеді:**

1) мамандығы бойынша білім алушыны оқу үдерісінің кестесіне сәйкес практикадан өту үшін кәсіпорынға жіберу;

2) кәсіптік практиканың бағдарламасын және кәсіптік практикадан өтудің күнтізбелік кестесін кәсіпорынмен бірге әзірлеу және келісу;

3) кәсіпорынға (ұйымға) кәсіптік практиканың басталуынан екі апта бұрын білім алушылардың санын көрсетіп, кәсіптік практиканың бағдарламасын, практикадан өтудің күнтізбелік кестесін ұсыну;

4) білім беру ұйымның тиісті мамандықтары бойынша оқытушылар және өндірістік оқыту шеберлері арасынан практика жетекшілерін Академия ректорының бұйрығымен бекіту;

5) кәсіпорынның қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын еңбек тәртібін және ішкі тәртіп ережелерін білім алушымен сақталуын қамтамасыз ету;

6) білім беру бағдарламасы мен оқу процесінің тізбесіне сәйкес білім алушының кәсіптік

**Договор на проведение профессиональной практики № 15**

г.Алматы «16» 01 2026года

РГУ «Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова» МКИ РК, именуемое в дальнейшем **«Академия»**, в лице ректора Жудебаева А., действующий на основании Устава, с одной стороны и РГКП «Государственный республиканский корейский театр музыкальной комедии» именуемый в дальнейшем **«Предприятие»**, в лице директора Ли Н.Г., действующего на основании Устава, с другой стороны, в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан, заключили настоящий договор о нижеследующем:

**1. Предмет договора**

1.Академия направляет, а Предприятие принимает обучающихся Академии и обеспечивает базой профессиональной практики в соответствии с профилем образовательной программы.

**2. Права и обязанности сторон**

**2. Академия имеет право:**

1)расторгнуть Договор в одностороннем порядке при самовольном прекращении обучения, отчислении Обучающегося в порядке, определенном действующим законодательством Республики Казахстан.

**3. Академия обязуется:**

1) направить на предприятие обучающегося по специальности для прохождения практики с академическим календарем;

2) разработать и согласовать с предприятием (организацией) программу профессиональной практики и календарные графики прохождения профессиональной практики;

3) за две недели до начала профессиональной практики предоставлять в предприятие (организацию) для согласования программу, календарные графики прохождения профессиональной практики с указанием количества обучающихся;

4) назначить приказом ректора Академии руководителей практики из числа преподавателей и мастеров производственного обучения соответствующих специальностей организации образования;

5) обеспечить соблюдение обучающимся трудовой дисциплины, правил внутреннего

| | |
|---|---|
| практикадан өтуін ұйымдастыру және мерзімді бақылауды жүзеге асыру;<br>7) кәсіпорынның қызметкерлеріне білім алушылардың кәсіптік практиканы ұйымдастыруға және өткізуге әдістемелік көмек көрсету;<br>8 қажеттілігіне қарай кәсіпорынға білім алушының оқу жетістіктері туралы мәліметтер беру;<br>9) егер олар практикадан өту барысында білім алушының қатысуымен жазатайым оқиғалар болған жағдайда оларды тергеуге қатысу;<br>10) білім беру ұйымы таратылған немесе білім беру қызметі тоқтатылған жағдайда кәсіпорынды (ұйымды) хабардар ету және басқа білім беру ұйымында білім алуды жалғастыру үшін білім алушыны ауыстыру бойынша шаралар қабылдау.<br>**4. Кәсіпорын:**<br>1) жаңа технологияларға және өндірістік процестің өзгерген жағдайларына сәйкес кәсіптік практиканың білім беру бағдарламасын әзірлеуге қатысуға;<br>2) кәсіпорынның қажеттеліктеріне сәйкес курстық және дипломдық жұмыстардың тақырыптарын ұсынуға;<br>3) білім алушылардың қорытынды аттестаттауына қатысуға;<br>4) білім алушылардың ағымдағы үлгерімі туралы ақпарат сұрастыруға;<br>5) білім беру ұйымынан жұмыс берушілердің болжалдарына сәйкес білім алушылардың сапалы оқытуын талап етуге құқылы.<br>**5. Кәсіпорын өзіне мынадай міндеттемелер алады:**<br>1) білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқамалықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының қауіпсіз еңбекті әдістеріне оқытуды жүргізу;<br>2) тиісті қызметтің бос орны бар болғаны кезде алған мамандыққа сәйкес жұмысқа қабылдау үшін түлектің кандидатурасын қарастыру;<br>3) білім беру ұйымына оқу процессінің кестесіне сәйкес білім алушының кәсіптік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;<br>4) осы шарттың ережелеріне сәйкес тиісті мамандықтар бойынша кәсіби практикаға жолдамаға сай білім алушыны қабылдау;<br>5) практиканың бағдарламасында қарастырылмаған және білім алушының мамандығына қатысы жоқ лауазымдарда білім алушыны пайдалануға жол бермеу;<br>6) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтерде, зертханаларда және сол сияқты) білім алушының кәсіптік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандарды белгілеуді қамтамасыз ету;<br>7) білім алушының еңбек тәртібін және кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны | распорядка, обязательных для работников данного предприятия;<br>6) организовать прохождение и осуществлять периодический контроль профессиональной практики обучающего в соответствии с образовательной программой и с графиком учебного процесса;<br>7) оказывать работникам предприятия методическую помощь в организации и проведении профессиональной практики;<br>8) при необходимости предоставлять предприятию сведения об учебных достижениях обучающегося;<br>9) принимать участие в расследовании несчастных случаев, в случаях, если они произошли с участием обучающегося в период прохождения практики;<br>10) в случае ликвидации организации образования или прекращения образовательной деятельности поставить в известность предприятие (организация) и принять меры к переводу обучающегося для продолжения обучения в другой организации образования.<br>**4. Предприятие (организация) имеет право:**<br>1) участвовать в разработке образовательной программы профессиональной практики в соответствии с новыми технологиями и изменившимися условиями производственного процесса;<br>2) предлагать темы курсовых и дипломных работ в соответствии с потребностями предприятия;<br>3) принимать участие в итоговой аттестации обучающихся;<br>4) запрашивать информацию о текущей успеваемости обучающихся;<br>5) требовать от организации образования качественного обучения обучающихся в соответствии с ожиданиями работодателя.<br>**5. Предприятие (организация) обязуется:**<br>1) обеспечить обучающемуся условия безопасной работы на рабочем месте (с проведением обязательных инструктажей по технике безопасности и охране труда) и в необходимых случаях проводить обучение обучающегося безопасным методам труда;<br>2) рассмотреть кандидатуру выпускника для принятия на работу в соответствии с полученной специальностью при наличии соответствующей вакансии;<br>3) предоставить организации образования в соответствии с графиком учебного процесса рабочие места для проведения профессиональной практики обучающегося;<br>4) принять по направлению на профессиональную практику по соответствующим специальностям обучающегося в соответствии с условиями настоящего договора; |

бойынша, өндірістік оқыту немесе кәсіптік практика бағдарламалары бойынша үлгірмеуі, сонымен қатар физикалық және психологиялық жағдайдың сәйкес келмеуі барлық оқиғалар туралы білім беру ұйымын хабардар ету;
8) білім алушының кәсіби практиканың бағдарламасын толық игеруі және оның жеке тапсырмаларды орындауы үшін қажетті болатын зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану арқылы білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын орындау мақсатында жұмыс орындарында қажетті жағдай жасау;
9) кәсіби практика аяқталған соң білім алушының жұмысы туралы мінездеме беру және кәсіби практикадан өту сапасын бағалау.

**3. Тараптардың жауапкершілігі**

6. Тараптар осы Келісімде қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

**4. Дауларды шешудің тәртібі**

7. Осы Келісімді орындау үдерісінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді өзара тиімді шешім қабылдау мақсатында тараптар тікелей өздері қарастырады.
8. Келіссөз, өзара тиімді шешім жолымен шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

**5. Келісімнің әрекет ету мерзімі, талаптарды өзгерту және оны бұзу тәртібі**

9. Осы Келісім тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді, «19» қаңтар 2026ж.- «02» мамыр 2026ж. аралығында толық орындалғанға дейін әрекет етеді.
10. Осы Келісімнің ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша толықтырып, өзгертілуі мүмкін.
11. Осы шарт мемлекеттік немесе орыс тілінде бірдей заң күшімен екі данада жасалады, бір данадан әрбір тарапқа беріледі.

5) не допускать использования обучающегося на должностях, не предусмотренных программой практики и не имеющих отношения к специальности обучающегося;
6) обеспечить предоставление квалифицированных специалистов для руководства профессиональной практикой обучающегося в подразделениях (отделах, цехах, лабораториях) предприятия (организации);
7) сообщать в организации образования о всех случаях нарушения обучающимся трудовой дисциплины и правил внутреннего распорядка предприятия, неуспеваемости по программе производственного обучения или профессиональной практики, а также случаях несоответствия физического и психического состояния здоровья;
8) создать необходимые условия для выполнения обучающимся программы профессиональной практики на рабочих местах с предоставлением возможности пользования лабораториями, кабинетами, мастерскими, библиотекой, чертежами, технической и другой документацией, необходимой для успешного освоения обучающимся программы профессиональной практики и выполнения ими индивидуальных заданий;
9) по окончании профессиональной практики выдать характеристику о работе обучающегося и выставить оценку качества прохождения профессиональной практики.

**3. Ответственность сторон**

6. За неисполнение, либо ненадлежащее исполнение своих обязанностей, предусмотренных настоящим Договором, стороны несут ответственность, установленной действующим законодательством Республики Казахстан.

**4. Порядок разрешения споров**

7. Разногласия и споры, возникающие в процессе выполнения настоящего Договора, разрешаются непосредственно сторонами в целях выработки взаимоприемлемых решений.
8. Вопросы, не разрешенные сторонами путем переговоров, выработки взаимоприемлемых решений, разрешаются в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

**5. Срок действия, порядок изменения условий договора и его расторжение**

9. Настоящий договор вступает в силу со дня его подписания сторонами и действует с «19» января 2026г. - по «02» мая 2026г. до полного его исполнения.
10. Условия настоящего Договора могут быть изменены и дополнены по взаимному письменному соглашению сторон.

**6. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік реквизиттері:**

**«Академия»**
ҚР МАМ Темірбек Жүргенов
атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясы РММ
Алматы қаласы, .Панфилова көшесі,127
БИН 010240002450, Кбе 11
БИК KKMFKZ2A
ИИК KZ590703016510011001 КСН
ҚР ҚМ Қазынашылық комитеті РММ

**Ректор**
_____ **А. Жудебаев**
**М.о.**

**«Кәсіпорын»**
"Республикалық мемлекеттік академиялық корей музыкалық комедия театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны,
Мекен жайы: Алматы қ, Богенбай батыр 158
БИН 990240004013
Счет (KZT) - KZ116010131000143405
АО «Народный Банк Казахстана»,
г. Алматы
КБЕ 16
БИК HSBKKZKX

**Директор**
_____ **Н.Г. Ли**
**М.о.**

11. Настоящий Договор заключается в двух экземплярах по одному экземпляру для каждой Стороны на государственном и русском языках, имеющих одинаковую юридическую силу.

**6. Юридические адреса и банковские реквизиты Сторон:**

**«Академия»**
РГУ Казахская национальная академия искусств имени Темирбека Жургенова МКИ РК
г.Алматы ул.Панфилова,127
БИН 010240002450, Кбе 11
БИК KKMFKZ2A
ИИК KZ590703016510011001 КСН
РГУ Комитет Казначейства МФ РК

**Ректор**
_____ **А. Жудебаев**
**М.п.**

**«Предприятие»**
РГКП «Государственный республиканский корейский театр музыкальной комедии»
Адрес:г. Алматы, ул. Богенбай батыра 158
БИН 990240004013
Счет (KZT) - KZ116010131000143405
АО «Народный Банк Казахстана»,
г. Алматы
КБЕ 16
БИК HSBKKZKX

**Директор**
_____ **Ли Н.Г.**
**М.п.**

**Приложение №1**
к договору о сотрудничестве по реализации системы обучения на практике
от «  » января 2026г.

**Список студентов/ Студенттер тізімі**

| № п/п | Фамилия, Имя, Отчество/Тегі, аты, әкесінің аты |
|---|---|
| | **3 курс «Қазіргі заман хореографиясының педагогикасы»** |
| 1 | Искандыров Әлібі Азаматұлы |